

**Омаров Н.Қ.,\* Нақышова А.Н., Исабек Ә.Ү.**  
ф.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
мұғалім, №198 жалпы орта мектеп, Қызылорда, Қазақстан  
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан  
**ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ**

Автор корреспондент: [nurlybek.omarova.73@mail.ru](mailto:nurlybek.omarova.73@mail.ru)

*«Ол оқиға 1904 жылы 20 декабрь күні осы Бас Қараш пен  
Орта Қараштың арасындағы қып-қызыл жақпар тасты ернеулеп өтетін асудың  
жалғыз аяқ жіңішке жолында болды».  
Тұрсын Жұртбай «Бейуақ» кітабынан*

**Түйін:** Мақалада қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтің қаламынан туған «Қараш-Қараш оқиғасындағы» Тұрар Рысқұловтың өмірі жан-жақты суреттелген. Қараш-қараш оқиғасы қазақтың көрнекті қайраткері Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұлов Жылқыайдаровтың да өмірімен тығыз байланысты болғандықтан да оның да қайраткерлік шеберлігі мақаладаорынды дәлелдерен шынайы суреттелген. Сонымен қатар Тұрардың әкесі Рысқұл Жылқыайдаров туралы тыңнан мағлұматтар жан-жақты қамтылған. Тұрар Рысқұлов аталмыш повестте қандай елеулі рөл атқарады, қандай образбен берілген, соның барлығы ғылыми тұрғыда толық ашылған. Мұхтар Омарханұлының «Қараш-Қараш» повесінде Тұрардың бейнесі Сейіт есімді 10 жасар бала арқылы бейнеленген. Қапаста өткен өмірдің сұрапыл жылдары Тұрар өмірінің өзекті де өкінішті жайттары мақалада анық дәлелдермен келтірілген.

**Кілттік сөздер:** Қараш, ернеу, Серкеш, Ожар, Назар, Бас Қараш, Орта Қараш, Аяқ Қараш, Коммунизм, Жеңіс, Ордженикидзе.

Ұлт тарихында ұлыларды байланыстыратын біз біле бермейтін ірі дүниелердің болатыны даусыз. Тарих –қатпар-қыртысын, құз-жартасынәлі де толық аша қойған жоқ. Әдебиет пен тарих екеуі қосылғанда олар – теңізге айналады. Ал олар (әдебиет пен тарих шындығы) бүкіл тарихи сырын сарқа төккен жағдайда **ұлттық тарих** жеңістің биігінен көрінері әмбеге аян. Жоғарыда «ұлыларды байланыстыратын» деген тіркесті бекерге сөзімізге арқау еткен жоқпыз. Тақырыптың өзі айтып тұрғандай әңгіменің өзегі Тұрардың және Әуезов қаламынан туған «Қараш-қараштың» төңірегінде әңгіме өрбітпекпіз. Ең әуелі Мұханның дүниеге әкелген әдебиет пен тарих майданындағы нағыз сен тұр мен атайынның өзі дейтіндей шоқтығы биік үш туындысы бар. 1.«Абай жолы», 2.«Қилы заман», 3.«Қараш-қараш оқиғасы». Осы үшеуіде заман шындығын арқалаған тағдырлы дүниелер. Ал біздің тақырыбымыздың тұздығы болған – Қараш-қараш пен Тұрар Рысқұлұлын не байланыстырады деген көкейде тұрған рухани сан-сауалдарға жауап іздеуді жөн деп таптық.

Тұрардың әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы патша билігінің көрсеткен әділетсіздіктерінен көңілі қалып, ХІХ ғасырдың 80-жылдары сонау Сырдариядан Жетісу облысына қарай қоныс аударады. Ал 1904 жылы ызғарлы желтоқсан айында Рысқұл сол кезде ауылды қанап, озбырлық көрсетіп отырған Саймасай Үшкемпіров атты болысты атып өлтіріп, түрмеге қамалады. Кейін маңдайына біткен жалғыз ұлын қасына алдырады. Тұрарға «Түрме баласы» лақап аты беріледі. Жас бала түрме үйлерін сыпырып, түрме бастығының атын бағатын болады. Сол жерде жүріп елгезек бала орыс тілін жетік меңгеріп алады. Дегенмен, Рысқұлға 10 жыл беріледі де, Сахалинге жер аударылады. Ал кішкентай Тұрарға нағашыларының қолына келіп, тұруға тура келеді. Нағашыларына келген Тұрар «Қырғызбаев» атты жалған текпен өмір сүреді. Кейін Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектепте тәлім алады. 1910 жылы Тұрар Рысқұлов Пішпек қаласындағы І-дәрежелі ауыл шаруашылығы мектебіне оқуға түседі. Ал 1914 жылғы қазан айында аталмыш оқу орнын бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдайды. Тұрар Рысқұлов өзінің білімпаздығының арқасында көзге түсіп, Самара қаласындағы орта дәрежелі ауыл

шаруашылығы училищесіне түсу үшін арнайы жолдама алады. Дегенмен, аталмыш оқу орнының директоры өзіндік бір себептермен оқуға қабылдамай қояды. Осы ретте М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасындағы» тарихи кейіпкер, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Бақтығұл-Рысқұл әлем әдебиетіне ең танымал әдеби кейіпкер ғана емес, ұлт тарихынан да алар орны бар тұлға екендігін еске ұстағанымыз абзал. Мәселен, 1903 жылы белгілі географ ғалым Дмитриевтің «Рысқұл алқабы» деп атау беріп, картаға түсірген Талғардағы ең биік тау-асулар ұлы жазушының кейіпкері Бақтығұл-Рысқұл бағындырған биіктік екендігін жұртшылықтың көбі біле де бермейді. 1923 жылы Ташкентте шыққан орыстың атақты географ ғалымы Николай Дмитриевтің «Талғар-Іле Алатаудың ең биік шыңы» деген ірі ғылыми зерттеуінде Рысқұл туралы былай деп жазады: «...1903 жылы 28 июльде мен Талғардың күнгей жағындағы мұзартқа шықтым... Менің бағыма қарай жол көрсетуші болып Шығыс Талғар болысының қазағы Рысқұл Жылқайдаров жолықты... Рысқұл мені бұрын ешбір картаға түсірілмеген қиямет қиын жолдармен алып жүріп, Талғардың ту сыртынан шығарып, Есік өзенінің басталатын көзінен әрі алып барды. Соның арқасында менің 1903 жылғы саяхатым елеулі ғылыми нәтижелерге жетті. Бұл табыстарым үшін мен өзімнің жол бастаушым Рысқұлға қарыздармын. Оның мені небір қиын құздардан, жып-жылтыр мұздардан жол тауып, асқан қажырлылықпен, айла-ептілікпен алып жүргенін көрсеңіз. Талғар шындарын бірінші зерттеуші ғалым ретінде мен мұзарт етегіндегі Есік өзенінің сағасы басталатын алқапты «Рысқұл алқабы» деп атап, оның есімін мәңгі есте қалдыруға өзімнің құқымды пайдалана отырып, шешім қабылдадым. Өйткені ғылым алдындағы оның еңбегі зор». Тұрар Рысқұлов туралы трилогия жазуға мүмкіндігі болмаса да әкесі – Рысқұл-Бақтығұлдың мәңгілік бейнесін сомдаған ұлы суреткердің орындалмаған арманы Алты алаштың ардақтысы атанған Тұрардың биылғы 125 жылдық мерейлі мерекесі қарсаңында мақаладағы: «...біз, біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек», деген сөзі негізінде жүзеге асар уақыт та алыс емес секілді (Гүлзия Пірәлі).

Тұрардың әкесі Рысқұл Жылқайдарұлы кәнігі аңшы, шабандоз, көкпаршы адам болған. Отбасын асырау қамымен аңшылық жасап, өмірінің көп бөлігін тау-таста өткізген Рысқұл XIX ғасырдың 80-жылдары жергілікті билеушілердің озбырлығы салдарынан елден шеттеп, Сырдария облысының Черняев уезінен (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы) Жетісу өңіріне көшіп келген. Бірақ жаңа қонысында да көптеген әділетсіздікке душар болған. Осы жағдайды Тұрар өзінің бір еңбегінде: «Әкем жергілікті әкімдердің қорлығына шыдай алмай, күншығыс Талғар болысының управителі Саймасай Үшкөмпіровті атып өлтіреді», – деп баяндаған. Анасы сәби күнінде қайтыс болып кеткен Тұрар әкесі істі болып, түрмеге жабылғанда небәрі 11 жаста екен. «Қанға – қан, жанға – жан» деп дүрліккен болыстың туыстары «ардақты адамымыздан айырған сұмның жалғыз ұлын бауыздап, кегімізді аламыз» деп, Тұрарды өлтірмекші болғанда, төңіректегі ел ара түсіп, әрең аман алып қалады. Мұны естіген Рысқұл түрме бастығы Приходькоға қайта-қайта өтініш айтып жатып, Тұрарды қасына алады. Әуелде түрменің ауласын сыпырған Тұрар артынан Приходьконың баласын күймемен гимназияға таситын болады. Күндіз осындай жұмыстарды атқарып, кешке әкесінің жанына келіп жатып жүреді. Рысқұлмен бірге түрмеде жатқан революционер Александр Бронников Тұрардың қайсар мінезін, алғырлығын байқап, оған назар аудара бастайды, орысша сауат ашқызып, жазу, сызу үйретеді. Соттың үкімімен Сахалинге 10 жылға жер аударылған Рысқұл конвойлар айдап бара жатқанда қашып кетеді. Сөйтіп, 1907 жылы Жамбыл облысы Талас өңіріндегі нағашыларының ауылында қайтыс болады. Тұрар қарындасы Түйметай екеуі өгей шешесі Избәйшәнің қолында қалады. Қиыншылықтың дәмін осылайша бала кезінен татып өскен Тұрардың бойында әлеуметтік әділетсіздікпен қоса, ұлттық езгіге қарсы күрес рухы да ерте оянады (Бүркіт Аяған).

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов пен ХХІ ғасырдағы ұлт зиялыларының көшбасшысы Тұрар Рысқұлұлы екеуі керемет ажырамастай достар болған деседі. Тарихтың таразысына салар болсақ, бұл да бір таңғаларлық жайт емес, тарихи тағдырдың қысымында жүрген тұлғалардың достығы – тарих пен әдебиеттің бір арнаға тоғысқандығын көрсетсе керек-ті. Әуезов пен Рысқұловтың өмірінен тарихи фактілерді арқау етіп жазып, «Бейуақ» атты кітабына филология ғылымдарының докторы дәрежесін алған ғалым Тұрсын Жұртбай «Қараш-қараш» жайлы былай деп үн қатады: «Сондай сұлу, тәкаппар, биік көрінген Хан Тәңірінің еншісіне бұйырмаған әдеби даңқ қарапайым ғана Қараш-Қараш шоқыларының атын әлемге жайды. Қадым заманнан бері көк тіреп, мұздан моншақ таққан Алатаудың күміс дулығалары – Серкеш, Ожар, Назар сияқты шындардың бұл күндері есімі ел есінен өшкен. Картадан да таппайсың. Өйткені олардың әуелгі атаулары да өзгерген. Коммунизм, Женіс, Ордженикидзе... Ал, Қараш-Қараш шоқылары сол баяғы маңғаз, еңселі қалпында». Бас Қараш, Орта Қараш, Аяқ Қараш – Іле Алатауының Шығыс Солтүстігіндегі үш салалы жота. Теңіз деңгейінен 2192, 3219 және 3010 метр биіктікте. Атақты Асы жайлауы алқымдап келіп соған тіреледі». Айналасы тасты, тақыр биіктер, қолтығы – қалың қарағай. Шатқалдары терең. Жазда ойдағы көп елдің көші асатын үлкен, қиын асудың бірі «...Л.Толстойдың: «Барлық бақытты семьялар бір-біріне өте ұқсас, ал әрбір бақытсыз семья өзінше бақытсыз» - дегендей, Қараш-Қараш шоқыларының да тарихта қалуы өзінше бір дербес хикая». [2, 259-260 б] Иә, Мұқаң неге өз туындысын Рысқұл Жылқыайдаров немесе Тұрар Рысқұлұлы деп қоймады? Неге Саймасай Үшкемпіров деп қоймады? Тыңға түрен салған Тұрар туралы тағдырлы туындыға үш қарашты арқау еткен жазушының өзінің көздегені де бар шығар. Күллі өмірінің күл талқанын шығарған жауыз би-болыстың өміріне Рысқұл нақ осы Үш қараштың жотасында нүкте қойған еді. Қараш-Қарашты оқыған оқырман Тұрарды жемісті талдың көктемдежана атып келе жатқан бұршікке теңейді. Енді қылаң беріп, темір тордың қапасында айналасына жалт-жалт қарап, ертеңінен бір шуақ күтетін Тұрарды көресіз. Верныйдың абақтысында он жасынан бастап бостандықтан шектелген бала Тұрар мұнда Сейіт есімді кейіпкермен берілген. Повестте Апанастың сұрайтыны бар еді ғой:

- Сейіт, қалай, сен ауылды сағындың ба? – деп еді.

Сейіт:

-Жоқ деді! – деді.

-Неге? Абақты жақсы ма – дегенде, Сейіт шынымен Апанастың ашық көк көзіне барынша шынын айта, қадала қарап:

-Ауылдан абақты жақсы, - деді.

Соны естіген Бақтығұл: «Алда, айналайын, көз жанарым-ай!» деп, үнсіз жылап жіберді де, аунап түсті. Апанас болса, Сейітті жерден жұлып көтеріп алып, құшақтап баурына басты. Кітап оқып жатқан көрші орыс ақсақалға қарап:

-Не дейді мына Сейіт? Өмірден абақты артық дейді. Ой, бишара балақай! Мынау абақты ауылдан, өмірден артық болғанда, саған ол өмір, ол ауыл қандай суық, сұмдық болған екен. Соны білдірдің-ау!-деп өңі бұзылып, Сейітті құшақтап, қысқан бойында үндемей ойға шомып, камера ішінде әрлі-берлі жүріп алды.

Оқуға ұғымды, ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап ержітіп келе жатты [1,119 б]. Би-болыстың қолында жалшылықта күнелтіп жүрген бостандықтағы өмірден қапастағы бостандықты артық қойғызған қу тағдыры құрысын! Жанында әділетсіздікке алдаспан болған әкесі бар да өмірдегі азап азап па дегендей ой ғой бала Тұрардікі. Мағжан ақынның:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,

Сұм өмір абақты ғой саналыға.

Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,

Сондықтан жаным күйіп жанады да.

**Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,  
Толғанып қарауым сол баяғыға...[3,78]**

дегеніндей азапқа толы азаттықтан, бақытқа толы көңіл тыншыған темір тор артық дегені ойымызға оралады да тұрады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Әуезов М. Әңгімелер, мақалалар Алматы, Жазушы 2009
- 2.Жұртбай Т. Бейуақ, Алматы, Ел-шежіре 1987
- 3.Жұмабаев М. Өлеңдер жинағы, Алматы, Жазушы 2009

**Аннотация:** Мақалада қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезовтің қаламынан туған «Қараш-Қараш оқиғасындағы» Тұрар Рысқұловтың өмірі жан-жақты суреттелген. Тұрар Рысқұлов аталмыш повестте қандай елеулі рөл атқарады, қандай образбен берілген, соның барлығы ғылыми тұрғыда толық ашылған. Мұхтар Омарханұлының «Қараш-Қараш» повесінде Тұрардың бейнесі Сейіт есімді 10 жасар бала арқылы бейнеленген. Қапаста өткен өмірдің сұрапыл жылдары Тұрар өмірінің өзекті де өкінішті жайттары мақалада анық дәлелдермен келтірілген. Қараш-қараш оқиғасы қазақтың көрнекті қайраткері Тұрар Рысқұловтың әкесі Рысқұлов Жылқыайдаровтың да өмірімен тығыз байланысты болғандықтан да оның да қайраткерлік шеберлігі мақаладаорынды дәлелдерен шынайы суреттелген.

**Abstract** The article describes the life of Turar Ryskulov, the story of the great Kazakh writer M.Aueзов, "The Karash-Karash incident". What role does Turar Ryskulov play in this episode? What is the image, which is completely scientifically disclosed? The image of Turar on the "Karash-Karash" post by Mukhtar Omarkhanuly is depicted by a 10-year-old boy called Seit. The tragic and pityous moments of life in Turar's life during the tragic years of life in Cappadocia are presented in the article with clear evidence. Because of the fact that the November events were closely connected with the life of the prominent Kazakh activist Turar Ryskulov, Ryskulov Gypsaydarov, he also demonstrated a skilful motif